

Целиноград ауданының Софиевка ауылдық округі Софиевка ауылының көшесін қайта атау туралы

Ақмола облысы Целиноград ауданы Софиевка ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 14 сәуірде № 8536-03 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35, 37 баптарына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. Целиноград ауданы Софиевка ауылдық округі Софиевка ауылының МИИТ көшесі Ардагерлер көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Софиевка ауылдық округінің әкімі

Б.Сугиралиев